

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ**

Басқару институты

Қолжазба құқығында

Тұлеуов Асхат Жанабаевич

**АЙМАҚТАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мысалында)**

Магистратураның «Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы
7М041000 – «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша

Мемлекеттік саясат магистрі
дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ профессор, э.ғ.д. А.Г. Мухамеджанова

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2021 жыл

Басқару институтының директоры: _____ э.ғ.к. Р.А. Турчкенова

Нұр-Сұлтан, 2021 ж.

Мазмұны

Нормативтік сілтемелер.....	3
Белгілер мен қысқартулар.....	4
Кіріспе.....	5
Әдебиеттерге шолу.....	8
Зерттеу әдістері.....	17
Зерттеу талдауы және нәтижелері.....	19
1 ҚР мен Маңғыстау облысындағы ТЖКБ басқару жүйесінің қазіргі жағдайы.....	19
2 Орта кәсіптік білімді басқару саласындағы халықаралық тәжірибе.....	36
3 Өңірлерде орта кәсіптік білім беру ұйымдарын басқаруды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.....	41
Қорытынды.....	46
Қолданылған әдебиеттердің тізімі.....	48

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік актілерге сілтемелер пайдаланылды:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
2. «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 527 Қаулысы;
3. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы (Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 781 Жарлығымен);
4. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы;
5. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 Бұйрығы;
6. «Өзгеру жолы: барлығына лайықты өмір!» Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының Маңғыстау облысын дамыту бойынша жол картасы (2021 жылғы 18 ақпандағы №3 Nur Otan партиясының Маңғыстау облыстық филиалы Саяси Кеңес Бюросының қаулысымен Бекітілді)

Белгілер мен қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы

БЖҒМ– Білім және ғылым министрлігі

НҚА-Нормативті құқықтық актілері

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

ТжКБ– Техникалық және кәсіптік білім

ТжКББ– Техникалық және кәсіптік білім беру

ИПҚ- инженерлік педагогикалық құрамы

ЖОО- жоғарғы оқу орны

ЖББ- жоғарғы білім беру

Кіріспе

Жоба өзектілігі. Білім неғұрлым тұрақты және сыртқы өзгерістерге аса бейім емес деп саналады. Дегенмен, соңғы үш онжылдықта білім әлемі жаңа мазмұнға, әдістемелерге және технологияларға үнемі ілгерілеп келді. Қазақстан, кеңес үкіметінен кейінгі кеңістіктің басым елдері сияқты, басқа міндетті – күрделі экономикалық жағдайда ұлттық білім беру жүйесін құру мәселесін шешті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауында «Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу» [1] Әлеуметтік салада білім беру сапасын жақсартуды басты мақсат деп көрсетіп кеткен болатын.

Сонымен қатар, «мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек» [1] деп нақты мақсаттар қоя білді.

Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – қаржыландырудың біркелкі болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі. Білім беру саласында жүргізілген реформалар мен еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру салаларына қызығушылықтың төмендігі анықталып отыр.

Әрине, орта кәсіптік білім беру кез-келген елдің инновациялық дамуы үшін маңызды мәнге ие. Өндіріс қызметкерлерінің білімді, бәсекеге қабілетті орта буыны-бүгінгі күні қалыптасқан объективті қажеттілік. Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өткендей: «техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары елдің экономикалық өсуінде маңызды рөл атқарады, өйткені жұмысшы мамандықтар ел экономикасын қалыптастырудың негізі болып табылады» [1]. Бірақ осыған қарамастан, ТЖКБ біздің елімізде білім берудің басым деңгейлерінің бірі ретінде қарастырылмайды және осы бағытта жаңғырту соңғы жылдар бойы жүргізіліп келе жатқанына қарамастан, ол жалпы білім беру жүйесі үшін, атап айтқанда жұмыс берушілер үшін басым болмады және жастар арасында беделге ие емес.

Жоғарыда айтылғандар негізінде магистрілік жобаның зерттеу мақсаты анықталды, ол Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі ТЖКБ ұйымдарын оңтайлы басқаруда ұсыныстар енгізу болып табылады.

Зерттеу мақсатына сүйене отырып, келесі **міндеттер** қойылды және шешілді:

- бүкіл ел бойынша, сондай-ақ Маңғыстау облысы бойынша ТЖКББ жүйесін зерделеу;
- Маңғыстау облысының кәсіптік орта білім беру мекемелерінің өңірлік басқармасының қазіргі жағдайын талдау;

- Маңғыстау облысы колледждерінің басшыларымен терең сараптамалық сұхбат өткізу;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын басқарудың халықаралық тәжірибесін жүйелеу және оларды ҚР-да қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Өңірлік ТЖКББ жүйесін басқаруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі болып: Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі.

Зерттеу нысаны болып: Маңғыстау облысының ТЖКББ жүйесін басқару болып таңдалынды.

Магистрлік жобаның теориялық және методологиялық негізі ретінде білім саласын басқару саясаты туралы зерттеулер, мен білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық тәжірибені талдауды қамтиды. Сонымен қатар, автордың өндірістік тәжірибеден жинақтаған статистикалық мәліметтері мен білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттары қарастырылған. ТЖКББ мекемелері бойынша статистикалық деректер мен колледж басшыларынан алынған терең сараптамалық сұхбат негізінде жасақталды.

Зерттеудің гипотезасы: ТЖКББ жүйесін оңтайлы басқаруда мемлекет үлесімен қатар, ТЖКББ ұйымдарындағы білікті мамандардың ролі жоғары.

Зерттеу әдісі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жай-күйін талдау және практикалық ұсынымдар әзірлеу барысында жалпы теориялық, сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды.

Жобаның тәжірибелік маңыздылығы автордың Білім саласын зерттеу және талдау барысында алған тұжырымдарына, сонымен қатар осы бағыттағы халықаралық тәжірибенің қолдану арқылы ҚР ТЖКББ білім беру саясатына өзгеріс енгізу, колледждердің студенттерді оқуға қабылдауда болатын мәселелерді шешеді. Сонымен қатар, Маңғыстау облысының ТЖКББ саласына өзгерістер енгізуді және колледждерді оңтайлы басқару нәтижесінде еңбек нарығын жұмысшы мамандармен толықтай қамтамасыз ету мүмкіндігіне қол жеткіземіз.

Автордың берген ұсыныстары негізінде ТЖКББ ұйымдарындағы өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларға деген сұранысты шешуге мүмкіндік туады. АҚШ, Сингапур мемлекеттерінің білім саласындағы саясатының элементтерін Қазақстан Республикасының Білім саласына енгізу арқылы колледжге балалардың қызығушылығын арттырамыз. Сонымен қатар, нарықтағы маман тапшылығын шешуде ТЖКББ ұйымдарына бөлінетін мемлекеттік тапсырыстың аналитикалық талдау арқылы орналастырудың маңызы зор. Себебі, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ҚР Өңірлерінің даму стратегиясы және «*Nur otan*» партиясың Жол картасына

талдау жүргізу арқылы болжамды жаңа жұмыс орындарын анықтау және болжамды еңбек нарығындағы тапшылықты есептеп ТЖКББ ұйымдарына мемлекеттік тапсырысты орналастыру 2025 жылы еңбек нарығындағы маман тапшылығын шешуде оң шешімін табады деп есептейді автор.

Зерттеулердің қорытындысы бойынша «Kazakhstan Innovations» ғылыми журналының 2021 жылғы № 2(40) басылымында «Пути повышения привлекательности обучения в колледжах Казахстана (на примере Мангистауской области)» тақырыбында мақала жарияланды.

2018 жылы Ақтау қаласындағы Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі базасында ұйымдастырылған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбында өткен облыстық тамыз педагогикалық Кеңесінің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары секция жұмысында «Кәсіптік білім беру жүйесін цифрландыру» тақырыбында баяндама жасадым. Баяндамада келтірілген ақпараттарды магистрлік жоба жазу барысында пайдаландым.

Әдебиеттерге шолу

Білім беру саясаты бүкіл әлемдегі үкіметтердің күн тәртібінде маңызды орын алады. Жаһандық қысым білім беру саясатының нәтижелеріне және олардың экономикалық өркендеу мен әлеуметтік азаматтыққа тигізетін әсеріне көбірек көңіл бөледі. Әр оқушының тәжірибесі кең саяси ортада шешуші түрде қалыптасады. Алайда, көбінесе білім беру саясатының қалай қалыптасатындығы, оны не қоздыратыны және мектептер мен колледждерге қалай әсер ететіні туралы түсінік әлі де жеткіліксіз.

Американдық экономика және әлеуметтану ғылымдарының профессоры Гэри Стэнли Бекер «Адами капитал» туралы былай дейді: «сапалық сипаттамалардың белгілі бір жиынтығына ие адамдар жиынтығы»-деп тұжырымдаса. Бекер адам капиталы теориясының микроэкономикалық негіздерін жасағанымен, «Адами капитал» теориясының идеясы Шульцке тиесілі [2].

Адами капитал-бұл жеке адамның білімі, дағдылары мен күзiреттiлiктерi. Оған салынған инвестициялар білім беру шығындарынан, еңбек тәжірибесін жинақтаудан, денсаулық сақтау шығындарынан, жаңа ақпаратты қабылдау қабілетінен көрінеді. Адами капиталға қызметкердің білімі, кәсібилігі, мәдениеті, зияткерлік әлеуеті, физикалық және рухани денсаулығы, психологиялық үйлесімділігі, шығармашылық белсенділігі, корпоративті патриотизм, ақпаратты түсіну және стандартты емес шешімдер қабылдау сияқты қасиеттері кіреді [3].

Ұлттық деңгейде адам капиталы теориясы негізінде жасалған білім беру саясаты үлкен біртұтастықты қамтамасыз ете алады және шектеулі ресурстарды пайдаланудың тиімсіздігін төмендетеді [4]. Адами капиталға негізделген білім беру саясатына деген көзқарас білім беру және білімді және білікті жұмыс күшінің болуы ұлттық экономикаға пайда әкеледі деген болжамнан туындайды.

Адами капитал теориясының білім беру саясатына әсері саясатты дамытуға серпін беретін және көп жағдайда осы саясатты заңдастыруға әкелетін әлеуметтік-саяси ортаны зерттеу арқылы жақсы анықталады.

Адами капитал теориясын білім беру саясатына қолдану арқылы бұрын айтылған экономикалық жаһандану жағдайында қарастырылуы керек. Экономикалық жаһанданудың әсерінің бір салдары - көптеген ұлттық мемлекеттер нақты экономикалық және іскерлік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жоспарланған білім беру жүйесінен алуға болатын экономикалық пайданы барынша арттыруға тырысады. Адами капитал теориясы білім беру саясатының контекстін қалыптастыруда әмбебап болмауы мүмкін, бірақ ол әлеуметтік-саяси негіз ретінде өте кең таралған.

Білім бірнеше маңызды функцияларды орындайды. Білімнің адамға әсері адамның өмір мақсаттары мен міндеттерін оқшаулайтын және анықтайтын тиімділігі мен даналығына байланысты [5].

Білім беру арқылы адамдар өздерінің ерекше қызығушылықтарын, қабілеттері мен таланттарын кеңейте алады. Канкам мен Онивехтің айтуынша, адам өзін толық түсінген кезде өз дағдыларын дамыта алады. Осылайша, білім беруді дамыту функциялары адамдарға өмірдегі қиыншылықтарға сенімді түрде тап болу үшін өмірлік мақсаттары мен міндеттерін нақтылауға көмектеседі. Сонымен қатар, адамдардың проблемаларға қалай қарайтындығы, әлеуметтік, экономикалық, өнеркәсіптік және т.б. салаларға оның көзқарасы мен жеке ресурстарына да байланысты. Білім берудің бұл функциясы өзекті, өйткені дұрыс көзқарастарды дамыту білім беру процесінде алған білім мен дағдыларды беруге көмектеседі [5].

Білім берудің негізгі функциясы-оқушылардың мәдени интеграциясына мүмкіндігінше ықпал ету. Осылайша, білім берудің интеграциялық функциясы қоғамдағы көлденең және тік үзілістерді жояды, әлеуметтік тұрақтылық және ұлт ретінде бірлесіп әрекет ету қабілеті адамдардың жалпы түсінуіне, көзқарасы мен сеніміне түбегейлі байланысты. Сондықтан, білім адамдарда ортақ нанымдардың, көзқарастардың, құндылықтар мен білімнің ортақ өзегін дамытады. Нәтижесінде, білім берудің интеграциялық функциясы адамдарды біріктіреді және ортақ мақсатқа жетуге көмектеседі. Егер бұл білім беру функциялары сақталса, бұл сапалы білім алуға әкелуі мүмкін. Фарранттың тұжырымы бойынша бейресми білім болған жағдайда оны құрылымдауға ешқандай әрекет делінген. Оқытудың көп бөлігі баланың отбасынан, достарынан, тәжірибесінен және қоршаған ортадан білетін нәрселер сияқты бейсаналық түрде жүреді. Бейресми білім беру оқытудың басқа түрлерімен салыстырғанда жүйесіз және сертификат берумен байланысты емес. Алайда, оның салдары, әдетте, белгілі бір контексте белгілі бір уақытқа жоспарланған оқу тәжірибесімен шектелетін ресми және бейресми білімнен айырмашылығы, тұрақты болады. Сондықтан, бейресми білім өз бағытын өз қарқынымен, әр адамның өмір бойы өз қаражатымен жүреді [6].

Бейресми білім беру қоғамдастықтағы балалар, жастар немесе ересектер тобының белгілі бір нақты оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ресми білім беру жүйесінің құрылымынан тыс кез-келген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін қамтиды. Ол ауылшаруашылық өндірісін кеңейту, дағдыларды оқыту, денсаулық сақтау және отбасын жоспарлау, жастар мен әйелдер арасындағы білім беру жұмыстары және функционалдық сауаттылық сияқты әртүрлі білім беру қызметін қамтиды. Бейресми білім беру сырттай бағдарламалармен, білімді тарату қызметтерімен, ауылдық даму бағдарламаларымен және үкіметтік ақпараттық бөлімдермен сипатталады. Бейресми білім беру - үй, құрдастар тобы, бұқаралық ақпарат құралдары, діни және қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтармен сипатталады [7]. Ресми білім мемлекеттік және жеке мектептермен, колледждермен, университеттермен және арнайы мектептермен сипатталады.

Білім беру жүйесін басқару көмегімен екі міндет шешіледі: әртүрлі деңгейдегі білім беруді басқару органдары арасында функцияларды бөлу және қажетті нәтижеге жету мақсатында оларды үйлестіру [8].

Орталықтандырылған жүйе Ұлттық білім беру саясатын мақсатқа сай жүзеге асыруға ықпал етеді, мемлекеттік білім беру стандарттары арқылы білім беру сапасының бірізділігін қамтамасыз етеді, елдің бүкіл халқының жалпыұлттық және жалпы мәдени ортақтығы сезімін сақтауға және нығайтуға ықпал етеді, бірақ бұл ретте басқару жүйесі білім беруді басқарудағы авторитарлық үрдістерді күшейтеді, төменгі білім беру органдарының бастамалары назардан тыс қалады, өңірлік ерекшеліктің мәнін елемейді немесе жете бағаламайды. Орталықсыздандыру процесі өз мәні бойынша орталық мемлекеттік биліктің ықпалынан толық оқшаулауды көздемейді, бірақ орталықсыздандырудың шеткі көріністері жүйе ішіндегі айтарлықтай терең айырмашылықтармен сипатталады.

Орталықсыздандыру - білім беруді басқару кезінде өңірлік бастамаларды есепке алу мақсатында орталық органдардың кейбір функцияларын жергілікті органдарға беруге негізделген білім беруді басқару жүйесі. Орталықсыздандыру процесі 1987 жылғы жоғары білім беру реформасымен басталды, жоғары оқу орындарын контингенттің үлгерімі мен студенттердің санын сақтап қалу үшін мемлекет қорлаушы күрестен босатты, орталықтан басқару аппараттың негізгі уақытын алатын еді [9].

Орталықсыздандырудың жағымсыз көріністерінің бірі жалпы мемлекеттік білім беру стандарттарын құруға кедергі жасау, өңірлік мүмкіндіктерге байланысты білім беруді қаржыландырудағы теңсіздікті күшейту болып табылады. Демек, білім беру жүйесін басқару модельдері уақыт пен бірыңғай жаһандық жүйедегі елдердің даму жағдайларын сынау арқылы өтеді, бұл мемлекетті білім беруді дамытудың объективтілігіне сәйкес келетін басқарудың оңтайлы моделін іздеуге мәжбүрлейді.

Осы күнге дейін білім беру саласын басқару орталықтандырылған жүйемен, өңірлік және жергілікті басқару жүйесі толықтай орталыққа бағыныстылығы орын алды. Б.Л. Вульфсон өзінің жұмысында шет елдердің орталықтандырылғын және орталықсыздандырылған білім беруді басқару туралы жазады. Ғалымның пайымдауынша білім беру саласын орталықтандырылған жүйемен басқару елдегі білім беру ұйымдарының неғұрлым көп болуымен тиімсіздігі де төмендейтінін дәлелдеді [10]. Сонымен қатар, ғалым Франция мемлекетінің тәжірибесінде орталықтандырылған білім беру жүйесін басқарудан орталықсыздандыру білім беру жүйесін басқаруға көшуде Францияның Ұлттық білім беру және мәдениет министрлігінің өңірлер мен жергілікті мекендердегі білім беру ұйымдарының жалпы сұрақтарына араласпай, ондай мүмкіндікті өңірлік білім беруді басқару мекемелеріне жүкеді, дегенімен мемлекет елдегі білім беру жағдайына тікелей жауапты болып қала береді. Автор өз жұмысында орталықтандырылған білім беруді басқару жүйесін көптеген Европа, Африка, Азия елдерінде, соның ішінде Японияның тәжірибесімен бөліседі. Ал орталықсыздандырылған білім беру жүйесін басқарудағы шет елдер қатарына АҚШ, Германия, Швейцария, Индия, Канада және Ұлыбритания тәжірибелерімен бөліседі.

Орталықсыздандырылған білім беру жүйесін басқарудың негізі елдің құрылымдық бөлінісіне (АҚШ – штаттарға, Германия – федеративтік аймақтарға және т.б.), жер көлеміне, климаттық және мәдени ерекшеліктеріне байланысты деп есептеймін. Осы орайда, Қазақстан Республикасының жер көлемінің үлкендігі, климаттық ерекшеліктері және мемлекеттің облыстарға, қалаларға, аудандарға және ауылдарға бөлінісі біздің елдің орталықсыздандырылған білім беруді басқару жүйесіне көшуді талап етеді.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы өкілеттіктерді бөлу қажеттілігі, ең алдымен, олардың осы саладағы басқарушылық шешімдердің мазмұнына әсер ететін факторларды бағалаудың тең емес мүмкіндіктеріне ие болуымен байланысты. Сонымен, Мемлекеттік орган «Жалпы сипаттағы барлық факторларды толығымен ескере отырып, шешімді қолданудың барлық егжей-тегжейін, әрбір жеке жағдайдың жеке ерекшеліктеріне байланысты барлық қосымша жағдайларды қарастыра алмайды» [11].

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары әрқашан жалпы пропорциялар, тұтастай алғанда экономиканың құрылымы, оның даму тенденциялары мен заңдылықтары, елдің білім беру саласындағы Халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы туралы толық түсінікке ие бола бермейді. Ұсақ мәселелерді мемлекеттік билік органдарының құзыретіне жатқызу оларды шешудің баяулауына әкеледі, бұл процеске көптеген инстанцияларды тартады. Егер іс мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұзын тізбегі бойынша төменнен жоғарға қарай жылжитын болса, онда ұсынылған шешімдер жобаларындағы ақпарат ескіреді; жоғары тұрған органдар жай ғана төменгі органдардың өкілдіктерін мөрлейді [12].

В.Г. Новиковтің еңбегінде Ресей Федерациясы Тюмень облысындағы білім беруді орталықсыздандыру және өңірлік білім беруді басқарудың артықшылықтарын көрсетті [13]. Көптеген заңдардың негізінде аймақтық бағдарлама – ұзақ мерзімді пайдалану және стратегиялық сипаттағы құжатта облыстың білім беру жүйесін дамытудың негізгі мақсаттары мен бағыттары тұжырымдалды [14]. Екіншіден, белгілі бір дәрежеде қызметтің негізгі бағыты сақтау мен өмір сүру мақсаты болса да, облыста даму бағыты алынды. Үшіншіден, басым бағдарламалық-нысаналы тәсіл ретінде таңдап алынған тәсіл қолданыстағы заңнамаға сәйкес облыс әкімшілігі қабылдайтын ұзақ мерзімді, сондай-ақ нысаналы бағдарламалар негізінде білім беру жүйесін дамытуды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Төртіншіден, Тюмень облысында алғаш рет бүкіл білім беру жүйесін басқарудың бірыңғай органы – Білім және ғылым департаменті құрылды, ол меншік пен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жалпы және кәсіптік білім беру мекемелері мен ғылым институттарын басқаруды жүзеге асырады деп мәлімдеді В.Г. Новиков өз жұмысында.

Кәсіптік білім беру ұйымдар жұмысының дамуы мен жұмыс істеуін басқару «білім берудің, инновациялық құрамдас бөліктің сапасы мен тиімділігін арттыру, өңірлік бизнес пен экономиканы нығайту, білім берудің әртүрлі деңгейлері

арасындағы ынтымақтастық мақсатында білім беру жүйесіндегі өзгерістерге дайын болуы» [15].

Кәсіби білім берудің басты мақсаты-студенттің негізгі кәсіби білім беру бағдарламасын игеру барысында практикалық тәжірибе, білік, білім алуы, сондай-ақ таңдалған салада кәсіби қызметті жүргізуге, белгілі бір мамандық бойынша еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін белгілі бір деңгей мен көлемдегі жалпы және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру [16].

Кәсіптік білім беруге арналған зерттеулерді теориялық талдау қазіргі уақытта кәсіптік білім беру проблемасына көп көңіл бөлінетінін анықтауға мүмкіндік берді. Кәсіптік білім берудің үздіксіздігі мәселелерін Б.С. Гершунскийдің, Т.П. Шамованың еңбектерінде қарастырылады, П.Р. Аттов, С.Я. Батышев, С.Г. Вершловскийдің зерттеулері еңбек тәрбиесі мен жұмыс істейтін жастарға білім беру проблемаларына арналған, Э.Ф. Зеер, А.Я. Наин өз еңбектерінде жеке тұлғалық кәсіптік оқыту бағыттарын қарастырады және В.И. Кондрух, Ф.Н. Клюев, С.А. Махновский және т. б. зерттеулер кәсіби мекемелердің студенттерін кәсіби оқытудың мазмұнына арналған деді өз еңбегінде [17].

Аян Чарльз Фосу-Айарква зерттеуінде позитивті қарым-қатынас теориясын (мұғалім-оқушы), мінез-құлық теорияларын, клиентке бағдарлау немесе өзін-өзі бағалау теориясын зерттеудің теориялық негіздері ретінде алды. Білім беру, көшбасшылық және кеңес беру тұжырымдамасы, тарихи даму және басшылық пен кеңес беру қажеттілігі, кеңес беру түрлерін қарастырады. Ол сонымен қатар мектептердегі тәртіпті басқаруда, басшылық пен кеңес беру бағдарламаларында, жоғары оқу орындарындағы тәртіп, жеке және әлеуметтік басшылық, кеңес беру тәсілдерінде директорлардың рөлін атқарады [18]. Автордың зерттеуі «басшылық пен кеңес беру» білім беру колледждері сияқты оқу орындарында тәртіпті бұзуға байланысты мінез-құлықты басқару үшін қабылданатын тиімді стратегия екенін дәлелдеді.

Мектептерде басшылық және кеңес беру үшін екі әдіс қолданылады, атап айтқанда топтық/құрдастарға кеңес беру және жеке кеңес беру. Көп топтық кеңес беру жеке кеңес беруден артықшылығы бар деп санайды, өйткені топ мүшелері әлеуметтік дағдыларды тиімді үйреніп, топтың басқа мүшелерімен жаңа стильдерді қолдана алады [19]. Сонымен қатар, топ мүшелері көбінесе құрдастар болып табылады және қоғамның микрокосмосын білдіреді. Топ мүшелері бір-біріне қолдау көрсете алады. Осылайша, оқушылардың тәртіп деңгейін анықтау үшін отбасылық факторлар, қоршаған орта факторлары, жеке факторлар, академиялық факторлар және мектептегі кеңес беру әдістері өзара әрекеттеседі. Студенттер тәртібінің жоғары деңгейі оқуда табысқа жетелейді. Жалпы білім жеке адамға, қоғамға және ұлтқа пайда әкелуі керек. Сондай-ақ, білім мен адам, қауымдастық және ұлт деңгейінде бірнеше міндеттермен бетпе-бет келетінін көруге болады. Жеке деңгейдегі білім беру міндеті барлығына өзі маңызды философияны ашуға көмектесу керек. Мысалы, мақсатқа деген сезімі жоқ мұғалімдер әр жаңа білім беру

сәніне оңай әсер ете алады және мақсаттарға емес, әдістерге бой алдырады. Бұл білім беру колледждерінде тәртіпті сақтау зерттеуші үшін үлкен проблема болып табылатындығының бір себебі және студенттер өздерін оқытқан адамдардың өмірін жағымды қасиеттерге баулиды деп түсіндіреді автор. Білім берудің тағы бір міндеті-жастарды болашақпен күресуге дайындау, сол арқылы өз қоғамдастығының проблемаларын шешуге көмектесу. Оқушылар қажетті дағдылар мен білімге ие болған кезде, олар білім беруді дамытуға оңай үлес қоса алады [18].

XVI ғасырдың аяғында мансап нұсқалары туралы алғашқы мәтіндердің бірі пайда болды: «Әлемдегі барлық кәсіптердің әмбебап алаңы», 1626 жылы Томазо Гарцони жазған [20]. Алайда, мамандандырылған оқулықтарды қолданатын ресми оқу бағдарламалары XX ғасырдың басында ғана басталды. Шайоның айтуынша қауымдастықтардың көпшілігінде адамдар өз мәселелерін шешуде басқаларға көмектесе алады деген терең сенім болған және әлі де бар.

Қазақстан Республикасының колледждер қызметінің үлгілік қағидаларында елдегі колледждің оқу-консультациялық пункті туралы былай жазылған: «колледждің оқу-консультациялық пункті білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және сырттай оқу бөліміне өз бетінше жұмыс істеуге көмек көрсету мақсатында кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде ұйымдастырылады. Оқу-консультациялық пункттің бар-жоғы, олардың орналасқан жері туралы мәліметтер, сондай-ақ оларды құру, қайта атау және жою туралы құжаттың деректемелері белгіленген тәртіппен колледж жарғысында көрсетіледі» [21].

Осы орайда, айта кету керек ҚР «Колледждер қызметінің үлгілік қағидаларында» Оқу-консультациялық пункттің жұмыс жасау нұсқаулығы жоқ және ол сырттай оқу бөліміне өз бетінше жұмыс істеуге көмек көрсету мақсатында құрылған деп көрсетілген. Алайда, оқу-консультациялық кеңес студенттердің тәртіптерін қадағалау немесе колледждің кәсіби бағдарына мүлдем араласпайды деп есептеуге негіз бар.

Еліміздің білім беру жүйесі еңбек нарығының талаптарына мүлдем жауап бермейді, осыған орай біздің елімізде және Әлем елдеріндегі экономикасында болып жатырған өзгерістер сәйкес соңғы 15 жылда білім саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырап келеді.

«Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (Әрі қарай-Бағдарлама 1) [16]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 527 Қаулысымен бекітілген Бағдарлама 1 институционалды жаңғыртуы 2-кезеңге бөлінді. Біріншісі іске асыру мерзімі 2008 - 2010 жылдары, екіншісі 2010-2012 аралығында жүзеге асыру көзделді. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 мамырдағы N 527 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» <http://adilet.zan.kz> порталында күші жойылмаған) [22].

Бағдарлама 1 Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту нақты көздеді, қаржыландырылу көздері республикалық және жергілікті бюджеттен, әр түрлі мүдделі тараптардың үлестік қатысуы бар тікелей инвестициялар, қорлар мен халықаралық ұйымдардың қаражатынан жүзеге асырылды.

Бағдарлама 1 іске асыру үшін мемлекеттен 58178,9 млн. теңге қарастырылды.

ҚР Президентінің 15.02.2018 № 636 Жарлығымен күшін жойған «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама 2) бекітіп, Бағдарлама 1 күшін жою туралы қаулы етті [23].

Бағдарлама 2 мақсаты Экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту болып табылады. Бағдарлама 2 бүгінгі таңда күшін жойса да, бағдарламаның жетістіктері туралы айта кетейін. «2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада 12 индикатор, 71 көрсеткіш және 262 іс-шараны орындау көзделген. Мемлекеттік бағдарламаның орындалуы 92%, іс-шаралар – 98,8% құрады. Жалпы, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік берді» - ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өткен кезеңдегі жұмыс қорытындылары және жаңа мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары туралы баяндамасында айтып өтті. Сонымен қатар, Бағдарлама 2 жетістіктері ол : Еліміздегі мектептер жаңартылған мазмұнға көшті; колледждерде баршаға арналған тегін ТЖКББ жобасы іске асырылуда; университеттерге академиялық және қаржылық дербестік берілді; отандық ғалымдардың беделді журналдарда жариялау белсенділігі 2,5 есе өсті.

Бағдарлама 2 іске асыруға бюджеттен жұмсалатын жалпы шығындар 1 423,4 млрд. теңгені (РБ – 1153,0 млрд. теңге, ЖБ – 252,4 млрд. теңге) құрайды [19]. Министр атап өткендей, қазіргі таңда білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер тұр. Оларды шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен «Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы» (бұдан әрі-Бағдарлама 3) қабылданды [24].

Бағдарлама 3 білім және ғылым саласындағы көптеген өзгерістерге алып келетіні анық, негізгі мақсаттары ол: Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру [25]. Бағдарлама 3 көрсетілген міндеттерге сәйкес ТЖКББ саласына қатысты тек бір ғана нысаналы индикатор - Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарын

бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі – 75 %.

Бағдарла 3 іске асыру үшін 2020 – 2025 жылдары 11 578 млрд. теңге (республикалық бюджет– 9 565 млрд. теңге, жергілікті бюджет– 716 млрд. теңге, Дүниежүзілік банк (бұдан әрі – ДБ) – 13 млрд. теңге, жеке инвестициялар – 1 284 млрд. теңге) мөлшерінде бюджет қаражаты жұмсалатын болады.

ТЖКБ бағдарламаларына барынша кең қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырылуда. Жастарды колледждерге тарту үшін оқушылар арасында ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйесін, жұмысшы кәсіптерін және орта буындағы білікті мамандарды танымал ету бойынша ауқымды PR-науқан өткізу жоспарланған. «Мектеп-колледж» кешенін құру бойынша жұмыстар жалғасын табады деп көрсетілген Бағдарлама 3. Проблемалық мәселе деп, колледж студенттерінің жатақханаларға мұқтаждығы, жатақхананы қажет ететін студенттердің 26 %-ы қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар, «Жас маман» жобасын жүзеге асыруда 180 колледждің материалды техникалық базасын нығайту көзделген.

Бұл бөлімнің тақырыбын толықтай ашу үшін «Маңғыстау облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы» [22] (Әрі қарай – Бағдарлама 4) мен «Өзгеру жолы: барлығына лайықты өмір!» Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының Маңғыстау облысын дамыту бойынша (Әрі қарай – Жол картасы) жол картасы талдауға алдым. Бұл ақпараттар Маңғыстау облысы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде өндірістік тәжірибе барысында алынды. Жол картасында негізгі бағыттардың бірі болып жұмысшы мамандарын даярлау, өңірде жаңа жұмыс орындарын құру секілді нақты индикаторлар қарастырылған, толығырақ «Зерттеуді талдау және нәтижелері» бөлімінде талқыланды.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының ТЖКБ саласы 2008-2012 жылдар аралығында басты назарда болса, әрі қарай, мемлекеттік бағдарламалардың жаңаруымен ТЖКБ саласы назарынан тыс қалып бара жатыр деген тұжырымға келдім.

Ғалымдардың тұжырымдамаларын зерделей келе, білім беруді басқаруда «Адами капиталдың» маңызы зор деп есептеймін. Мейлі ол, студент немесе оқытушы болсын, олардың оқытушылардың кәсіби шеберлігі мен студент-оқытушы арасындағы қарым-қатынастың барынша жақсы болуы колледж студенттерінің білім алуға деген құштарлығын арттырады, сондықтан адам құндылықтарына аса мән берілетін ортада білім алған студенттер болашақта білікті маман болатынына сенемін.

Қазақстан білім беруді басқарудың орталықтандырылған моделінен орталықсыздыққа көшіру, басқаруды демократияландыру бойынша реформалар жүргізуге тән. Білім беруді басқаруды демократияландыру басқару процесінде

демократиялық бастауларды енгізумен, қоғамдық және әкімшілік-аумақтық құрылымдардың төменгі буындарын басқару рөлін арттырумен байланысты. Басқаруды демократияландырудың мысалы ретінде құрылған мемлекеттік-қоғамдық бірлестіктер, қауымдастықтар, одақтар түріндегі заңды тұлғалардың бірлестіктері қызмет ете алады, білім беру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізуге ықпал етеді. Сондықтан, ТЖКББ ұйымдарын оңтайлы басқару үшін өңірдің ерекшеліктеріне және географиялық орналасуына байланысты білім беруді орталықсыздандырылған басқару жүйесіне көшіру – өңірлердегі ТЖКББ ұйымдарының жылдам дамуына және өңірлердегі маман тапшылығын шешуде мүмкіндік туғызады деп есептеймін.

Зерттеу әдістері

Зерттеу мақсатына жету және қойылған міндеттерді шешу үшін әртүрлі әдістер қолданылды.

Сұрақ теориясын жүйелі зерттеу, талдау және синтездеу, абстрактіден нақтыға шығу, салыстырмалы талдау сияқты жалпы теориялық зерттеу әдістерін қолданумен қатар нормативтік құқықтық актілерді, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми әдебиеттерін, ғылыми журналдардағы мақалаларды, диссертациялық зерттеулерді зерттеуге мүмкіндік берді.

Мәселен, салыстырмалы талдау Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамалық базасын және халықаралық тәжірибені зерделеуге ықпал етті. Салыстырмалы талдаудың артықшылығы басым жақтарды жалпылау және нақты тиімді өнімді шығару мақсатында зерттелетін объектілердің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мүмкіндігі болып табылады.

Бақылау әдісі ҚР Білім және ғылым министрлігінде және Маңғыстау облысы әкімінің аппаратында тәжірибеден өту кезінде қолданылды. Мемлекеттік білім беру саясатын қалыптастыру процесін бақылау және орталық басқару мен жергілікті басқару органдары қызметінің ерекшеліктерін анықтау болды.

Магистрлік жобаның авторы аталған мемлекеттік органдардың қызметін өз бетінше бақылап қана қоймай, сонымен қатар практикадан өту орындарының жұмысына тікелей қатысты. Мысалы, авторы мәселені зерттеу барысында ҚР БЖҒМ ұйымдастырумен өткен «ТЖКББ ұйымдарын сенімгерлік басқаруға беру» тақырыбында селекторлық жиналысқа қатысып, өз пікірімен бөлісті.

Бақылау әдісінен басқа, тәжірибеден өту барысында Құжаттамалық зерттеу әдісі қолданылды. Автор мемлекеттік білім беру саясатын қалыптастыру саласындағы ҚР БҒМ қызметін реттейтін материалдарды зерттеді. Мысалы, Маңғыстау облысы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде тәжірибеден өткенде, «Маңғыстау облысының 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясымен» және даму «Өзгеру жолы: барлығына лайықты өмір!» Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының Маңғыстау облысын дамыту бойынша жол картасын талдауға алдым.

Жоғарыда көрсетілген алаңдардың жұмысын ұйымдастыруға қатысты құжаттаманы зерделегеннен кейін әзірленген ұсынымдар «Талдау және нәтижелер» бөлімінде баяндалған.

Республика және Маңғыстау облысындағы ТЖКБ ұйымдарының қазіргі жай – күйін талдау кезінде сандық-статистикалық талдау қолданылды. Автор Статистика комитетінің және облыстық білім басқармасының ақпараты негізінде колледждердің саны, студенттер саны, олардағы мемлекеттік тапсырыс бойынша статистикалық мәліметтерінің үлкен көлемін зерттеді. Сондай-ақ, Маңғыстау облысының 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясымен мен Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының Маңғыстау облысын дамыту бойынша

жол картасын талданып, статистикалық мәліметтер негізінде жұмыста келтірілген кестелер мен диаграммалар жасалды.

Аймақтық білім беруді басқаруды жетілдіру мәселесін зерттеу барысында сапалы әдіс-терең сараптамалық сұхбат қолданылды. Сарапшылық (терең) сұхбат – жеке әңгімелесу болып табылады. Зерттеу барысында алынған терең сұхбат жауап берушіге ыңғайлы боп табылатын өзінің кабинетінде жүргізілді. Барлығы 4 ТЖКББ ұйымдарының басшыларынан сұхбат алынды. Оның 2 мемлекеттік ТЖКББ ұйымының басшысы және 2 жеке – меншік колледждердің басшылары. Сұхбат әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, бетперде киген күйде барлық санитарлық нормаларды ескере отырып жүргізілді. Әр сұхбат 1,5 сағатқа созылды. Сұхбат арнайы диктофон құрылғысына жазылды. Сарапшылық сұхбатты жүргізу Маңғыстау облысындағы ТЖКБ ұйымдарының басшыларымен ТЖКБ саласындағы өзекті мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдісті пайдалану арқылы, еліміздегі жеке секторына да көңіл бөлініп, жеке сектордың мемлекеттік білім беру ұйымдарымен айырмашылықтары анықталды. ТЖКБ жеке меншік секторын дамыту жобасын қалай енгізіп, пайдалануға болатындығы жөніндегі маңызды ұсыныстар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік туды. Яғни аталған зерттеу тәсілі ТЖКБ саласының мәселелерін анықтап, шешу жолын ұсынуды талап етеді

Магистрлік жобаның авторы қолданған зерттеу әдістері мәселені зерттеу мен терең талдауға, саланың әлсіз және күшті жақтарын анықтауға, проблемалық аймақтарды табуға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметінде қолдануға болатын практикалық ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік берді.

Аталған бөлімдегі ТЖКБ саласында пайдаланатын білім саясатына өзгерістер енгізу арқылы және шетелдік озық тәжірибелерге сәйкес мемлекеттік білім беру жүйесі дамыған АҚШ, Сингапур, Франция және Ұлыбритания секілді елдердегі білім беру саласын басқарудың элементтерін еліміздің білім беру саласына енгізу арқылы зерттеліп жатырған мәселенің шешу жолы ұсынылады. Автор зерттеу нысанына талдау жасап, ТЖКББ ұйымдарын оңтайлы басқаруда ұсыныстар енгізді. Қазақстан колледждерінің мәртебесін көтеру арқылы колледждерге балалардың қызығушылығын арттырып, ТЖКББ ұйымдарының білім сапасын да арттырамыз, осы орайда, анықталған нарықтағы еңбек тапшылығын толықтай жоюға мүмкіндік туады.

Зерттеу талдауы және нәтижелері

1 ҚР мен Маңғыстау облысындағы ТЖКБ басқару жүйесінің қазіргі жағдайы

Магистрілік жоба барысында ҚР заңнамалық актілерінен басқа «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын», «Жас кәсіпкер», «Жас маман» жобасы, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!», «Маңғыстау туристік аймағы» Жол картасы талданды.

ҚР «Білім туралы» Заңның 29-бабына сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары, жергілікті атқарушы органдар және білім беруді басқарудың жергілікті органдары жүзеге асырады [26].

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін басқару екі деңгейде жүзеге асырылады. Басқарудың бірінші деңгейі жинақталған тәжірибені талдау негізінде білім беру жүйесінің қалыпты жұмыс істеу режимінің нормалары мен өлшемдерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасындағы білім беру мақсаттары мен құндылықтарының құқықтық нормаларында, білім беру жөніндегі мемлекеттік заңнаманы жетілдіруді Республика Үкіметі мен Парламенті жүзеге асырады. Білім беру жүйелерін басқарудың екінші деңгейі стратегиялық сипатқа ие. Жергілікті жерлерде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жергілікті атқарушы органдар және жергілікті білім беруді басқару органдары. Білім беру жүйесін басқару көмегімен екі міндет шешіледі: әртүрлі деңгейдегі білім беруді басқару органдары арасында функцияларды бөлу және қажетті нәтижеге жету мақсатында оларды үйлестіру [26]. Білім беру жүйесін басқарудың жоғарыда сипатталған моделдері оң да, теріс те аспектілерге ие, бұл білім беруді басқарудың екі үлгісінің ақылға қонымды үйлесімі қажеттілігін алдын ала айқындайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «Колледж- жалпы орта және техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны болып табылады [26].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 801 техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері жұмыс істейді, оның 460-ы мемлекеттік (57,4%), 341-і жеке (42,6%). Соңғы 5 жылдағы техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының желісіне жүргізілген талдау келесі динамиканы көрсетеді:

Кесте 1. 2015 -2020 жылдары ТЖКБ ұйымдары мен контингент

№	Жылдар	Колледж желісі, бірлік			Контингент, мың. адам		
		барлығы	мемл.	жеке	барлығы	мемл.	жеке
1	2015-2016	807	462	345	499,4	289,2	210,2
2	2016-2017	817	473	344	489,1	283,9	205,2

3	2017-2018	824	477	347	489,2	284	205,2
4	2018-2019	821	479	342	488,7	275,5	279,5
5	2019-2020	801	460	341	469,3	273,3	196,0

(Ескерту: диаграмма ҚР БЖҒМ ақпараты негізінде автормен жасақталды)


Кесте 2. Экономика салалары бөлінісіндегі ТЖКБ ұйымдарындағы бала саны

№	Сала	2016-2017 оқу жылы	2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
1	Білім беру саласы	76060	74882	75584	72548
2	Құқық	19928	18645	16533	13837
3	Экономикалық	26115	22581	20803	18774
4	Қызмет көрсету	35866	38299	40929	42502
5	Медицина	78051	79195	78807	76030
6	Мәдениет және өнер	13720	14490	14767	14343
7	Техникалық	185312	184426	181825	177055
8	Технологиялық	19321	19844	21740	20014
9	Ауылшаруашылық	34793	36836	37724	34250
	барлығы	489166	489198	488712	469353

(Ескерту: диаграмма ҚР БЖҒМ ақпараты негізінде автормен жасақталды)

2019 жылы жаңадан – 3 мемлекеттік және 1 жеке меншік колледж ашылып, 18 мемлекеттік колледж және 1 жеке меншік колледж жабылды. Соңғы жылдары мемлекеттік колледждердің төмендеуі белгілі бір аймақтардағы колледждерді біріктіру, қайта құру және профиліндеуімен байланысты.

Сурет 1. 5 жылдық ТЖКБ білім алатын бала санының өзгеру динамикасы




(Ескерту: диаграмма ҚР БЖҒМ ақпараты негізінде автормен жасақталды)

1-суретте оқушылардың жалпы санының 2015-2016 оқу жылдарындағы 499,4 мың оқушысынан 2019-2020 оқу жылындағы 469,3 мың студентке дейін біртіндеп төмендеуі көрсетілген. Соңғы бес жылда кәсіптік білім беру ұйымдарындағы студенттер саны 30,1 мың студентке азайған. Сондай-ақ, 1-суретте бюджет қаражаты есебінен студенттер санының оң динамикасы байқалады, 2019-2020 оқу

жылында мемлекеттік бюджет есебінен оқитын студенттер саны 280 758 адамды құрады (2015 ж. - 234,1 адам). Бұл кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемінің жыл сайын артуымен байланысты.

Сурет 2. 2016-2020 жылдарға экономика салалары бөлінісіндегі ТЖКБ мамандарын даяраудың өзгеру динамикасы



(Ескерту: Диаграмма ҚР БЖҒМ мәліметтері негізінде автормен жасакталды)

2-суретте экономика бағыты бойынша кадрларды даярлауды талдау көрсетілген. Кадрларды даярлау динамикасы білім беру саласында 4 жыл ішінде студенттердің саны шамамен 3,5 мың адамға азайғанын, медициналық, техникалық, заңгерлік және технологиялық салалардағы басқа салаларда төмендеу байқалатынын көрсетеді.

Маңғыстау облысының ТЖКББ саласы суреті мынадай:

Маңғыстау облысының ТЖКБ инфраструктурасы 27 колледжден, оның ішінде 16 - мемлекеттік, 11 – жеке меншік колледж, контингент - 19151 адам., госзаказу – 12,8 мың. адам (67, 2%).

Кесте 3. 2017-2020 жылдары Маңғыстау облысында ТЖКБ студенттері

№	Колледждің аталуы	2017-18 о.ж. студент саны		2018-19 о.ж. студент саны		2019-20 о.ж. студент саны		2020-21 о.ж. студент саны	
		барлы ғы	Гос. заказ	барлы ғы	Гос. заказ	барлы ғы	Гос. заказ	барлы ғы	Гос. заказ
Мемлекеттік колледждер									

1	Мұрын жырау Сенгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі	1453	741	1370	781	1253	819	1140	799
2	Маңғыстау туризм колледжі	826	796	893	893	819	819	936	936
3	Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі	852	780	901	810	832	722	713	675
4	Маңғыстау энергетикалық колледжі	1549	1322	1475	1279	1306	1153	1182	1065
5	О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды-техникалық колледжі	1488	1180	1424	1032	1259	949	1080	866
6	Бейнеу гуманитарлы-экономикалық колледжі	679	424	657	395	644	401	616	410
7	Каракия кәсіптік колледж	405	405	477	477	395	395	424	424
8	Х.Өзбекғалиева атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі	2271	1576	1863	1385	1553	1243	1499	1312
9	Маңғыстау өнер колледжі	231	231	249	249	260	260	271	271
10	Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі	851	756	886	799	788	728	755	736
11	Бейнеу политехникалық колледжі	560	486	549	482	543	502	546	523
12	Маңғыстау облысының медициналық колледжі	718	281	708	268	617	246	669	234
13	Маңғыстау техникалық колледжі	248	248	296	296	308	308	261	261
14	Тупкараған гуманитарлы-техникалық колледжі	209	144	277	208	311	270	305	266
15	Мамандандырылған техникалық колледж	100	100	100	100	100	100	100	100


16	«Ш. Есенов атын. Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті» көпсалалы колледжі			285	270	598	442	930	409
Жеке меншік колледждер									
1	Ақтау есеп-технологиялық колледжі	418	374	489	459	522	494	482	482
2	М.Тынышбаев атын. Қазақ көлік және байланыс Академиясы» Ақтау көлік колледжі	1310	363	1285	455	1170	497	1113	680
3	Ақтау қалалық шет тілдер колледжі	154	-	146	0	153	0	183	0
4	Каспий өңірі «Болашақ» колледжі	1670	728	1356	598	1087	548	1045	648
5	«Қайнар» колледжі	763	412	804	463	648	409	606	463
6	«Мейрбике» колледжі	1329	125	1324	139	1253	88	1450	203
7	Ақтау қалалық медициналық колледжі	1135	50	1071	50	1013	0	1077	50
8	Жаңаөзен политехникалық колледжі	1334	880	1207	789	992	711	797	649
9	Каспий педагогика және салалық технологиялар колледжі	768	434	647	357	578	344	628	403
10	Ақтау колледжі	100	-	82	0	56	0	25	0
11	«Келешек» Маңғыстау көпсалалы колледжі	371	-	423	0	364	0	318	0
	барлығы	21792	12836	21244	13034	19422	12448	19151	12865

(Ескерту: Ақпарат Маңғыстау облысының білім басқармасынан алынды)

Маңғыстау облысында инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды іске асыруды ескере отырып, облыс бойынша 2017-2019 жылдар кезеңінде 92 694 жұмыс орны құрылды, оның ішінде: ауыл шаруашылығында – 2 324, өнеркәсіпте – 4 240, құрылыста – 15 518, көлікте – 2 915, білім беруде – 9 423, денсаулық сақтауда – 2 807, көтерме және бөлшек саудада – 12 698, басқа экономикалық түрлер – 30 564, маусымдық жұмыс орындары – 12 205 жұмыс орындары ашылды. Білім саласын мысалға алайын, білім саласында 2017-2019 жылдар кезеңінде – 9 423 жұмыс орны ашылған болса, сол кезеңге гуманитарлық ТЖКББ ұйымдарындағы

орналастырылған мемлекеттік тапсырыстың көлемі 3 есе аз (3132 адам), ал медицина саласында – 2 807 жұмыс орны ашылған болса, сол кезеңге медициналық колледждердегі орналастырылған мемлекеттік тапсырыстың көлемі-813 студентті құрады (ашылған жұмыс орны санынан 3,5 есе аз). Сондықтан, өңірдегі кадр дайындау өңірдің даму жоспарына тікелей байланысы бар және облыстың ТжКБ мамандарын даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың өңірдегі жаңа жұмыс орындарының ашылуымен сай келмейді деген тұжырымға келдім.

Сурет 3. 2017-2021 жылдарға Маңғыстау облысының ТжКБ студент санының өзгерісі



(Ескерту: диаграмма автормен жасақталды)

3-суретте 2017-2018 оқу жылдарындағы оқушылардың жалпы санының 21,8 мың студенттен 2020-2021 оқу жылында 19,1 мың студентке дейін біртіндеп төмендеуі көрсетілген. Осы уақыт аралығында Маңғыстау облысының кәсіптік білім беру ұйымдарындағы студенттер саны 2,6 мың студентке азайған.

2018-2019 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысында оқитын оқушылардың өсуі 13 мың адамнан асып түсті (13 034 студент), ал 2019-2020 оқу жылында бұл студенттер саны 12,4 мың адамға дейін төмендеді және бұл ТжКББ ұйымдарына студенттерді қабылдау проблемалармен тікелей байланысты. 2020-2021 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттер саны 12865 адамды құрады, оқушылар санының 417 адамға өскені байқалады.

Кесте 4. Жұмыспен қамтуды арттыру, жұмысқа орналастыру

№ п/п	Нысаналы индикаторлар	Жауапты орындаушы	Ақпарат көзі	Өл. бір л.	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
					нақтысы	бағалау	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1 БТ	Құрылған жұмыс орындарының саны (жыл сайын),	Жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбас	әкімшілік деректер	ед.	31 506	32 073	32 715	33 369	34 036	34 550	35 020

	оның ішінде	ары және ЖҚҮӘБ Б								
	- тұрақты		25 072	28 000	28 000	28 000	28 000	28 000	28 000	28 000
	- уақытша		6 434	4 073	4 715	5 369	6 036	6 550	7 020	7 020

Кесте 4 байқағанымыздай 2021-2025 жылдар аралығында Маңғыстау облысының даму стратегиясына сәйкес жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен жыл сайын 28 мың тұрақты жұмыс орны ашылатын қарастырылған болса, уақытша жұмыс орындарын ашу көрсеткішін жыл сайын 8-10% көтеру жоспарланған екен. Бұл көрсеткіштер ТжКББ ұйымдарына бөлініп жатырған мемлекеттік тапсырыстан әлдеқайда көп, демек ТжКБ бар мамандарды даярлауға арналаған мемлекеттік тапсырыстың өңірдің маман тапшылығын жаба алмайды дегенді білдіреді. Мәселен, Маңғыстау облысының жұмыспен қамтылған халықтың негізгі үлесі өнеркәсіпте (24,7%) шоғырланған, атап айтқанда, тау – кен өндіру өнеркәсібі карьерлерді қазу – 49,1 %, білім беруде – 13 %, көтерме және бөлшек саудада – 8,6 %, көлік пен қоймада - 9,7 %, құрылыста экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 8%, ауыл шаруашылығында- барлығы 0,5 %.

Сурет 4. 2020-21 оқу жылындағы мемлекеттік колледждердің жүктемелігі туралы диаграмма



(Ескерту: диаграмма автормен жасақталды)

4-суретте Х.Өзбекқалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжін ерекше атауға болады, өйткені колледжде орын тапшылығы 701 адамды құрайды. Колледждің жобалық қуаты - 2200 орын, колледжде 1499 адам оқытылады, ал 87,5% (1312 адам) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқиды.

Маңғыстау туризм колледжі (936 адам.-100% профицит- 168 орын) және Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі (736 адам.-97,4% профицит – 275 адам) еңбек нарығына толықтай мемлекеттік тапсырыспен кадрлар дайындайды. Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі 2020-2021 оқу жылында 300 орын профицит жағдайында, педагогикалық мамандықтарды 70% мемлекеттік тапсырыс есебінен дайындайды, яғни 341 студент ақылы бөлімде оқиды.

Жеке меншік секторда сурет мүлдем бөлек. Осы орайда мен Маңғыстау облысының жеке меншік ТЖКББ ұйымдары арасынан мемлекеттік тапсырысты айтарлықтай үлкен мөлшерде қолданып отырған колледждер қатарын келтірдім. (Сурет 5.)

Сурет 5. 2020-2021 оқу жылында Маңғыстау облысының жеке меншік колледждеріндегі жүктемелік



(Ескерту: диаграмма автормен жасақталды)

5-суретте біз облыстағы жеке колледждердің 2020-2021 оқу жылына ТЖКБ кадрларын даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалай орналастыратынын байқаймыз. Ақтау есеп және технология колледжі - 100%, Жаңаөзен политехникалық колледжі - 81%, «Қайнар» колледжі - 76%, Каспий педагогика және салалық технологиялар колледжі - колледждер контингентінің 64% -ы мемлекеттік тапсырысты орналастырып отыр.

Бұл мемлекет жеке меншік колледждерді олардың контингентінің 60% -дан астамын қаржыландыратынын көрсетеді, ал Ақтау есеп-технологиялық колледжінде, жалпы, колледж студенттерінің 100% -ы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Бұл негізгі проблемалардың біріне әкеледі - жеке колледждер студенттерді ақылы негізде қабылдауға мүдделі емес. Аймақтағы медициналық мамандықтарды дайындауда көрініс мүлдем басқаша

Сурет 6. 2018-2021 жылдары аралығында Маңғыстау облысының ТЖКБ медицина мамандықтарына студенттер қабылдаудың өзгеру динамикасы



(Ескерту: диаграмма автормен жасақталды)

6-суретте 2020-2021 оқу жылында медициналық профильдегі ТЖКББ ұйымдарының санының айқын өсуі көрсетілген. Бұл Covid-19 пандемиясына байланысты.

Еңбек нарығында медициналық мамандықтардың жетіспеушілігі және дәрігерлердің жалақысының өсуі байқалғандықтан, 2020-2021 оқу жылында Мейірбике колледжінде студенттер саны 2019-2020 оқу жылымен (1253 адам) салыстырғанда 115% -дан (1450 адам) асып түсті. 3-кестеге сәйкес, еңбек нарығына медициналық кадрларды даярлауға қанша мемлекеттік тапсырыс бөлінетінін көруге болады.

2020-2021 оқу жылында барлығы 3196 адам медициналық мамандықтар бойынша білім алуда, оның 484 адамы (15%) мемлекеттік тапсырыс бойынша. Бұл көрсеткіштер көңілге қонымды емес, өйткені медициналық мамандықтар бойынша студенттердің тек 15% -ы мемлекеттік бюджет есебінен оқытылады.

Кесте 5. Маңғыстау туристік аймағын дамыту

№ п/п	Спецификалық индикаторлар	Жауапты орындаушы	Ақпарат көзі	Өл. бір л.	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
					нақты сы	бағалау	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Өңірдегі орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санын ұлғайту	Жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары және ИЖТДБ	Статистикалық деректер	%	92,4	67,4	102,0	102,5	103,0	103,5	104,0

Кесте 5 көрсетілгендей өңірге келушілердің санын арттыру көрсеткіші жыл сайынғы өсіммен көрсетілген. Облыстың туристік әлеуетін ілгерілету, өңірдің оң имиджін қалыптастыру, облысқа туристік ағынды ұлғайту жөніндегі іс-шаралар, жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шаралар, туризм индустриясы саласына инвестициялар тарту бойынша «Маңғыстау туристік аймағы» Жол картасын іске асыру және Маңғыстау бойынша саяхат кезеңінде туристің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін орналастыру орындары, туристік компаниялар туралы деректерді жыл сайын өзектендіру, туризм саласында көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру қарастырылған.

Маңғыстау облысының туристік саласының әлеуетін түгендеу және зерттеу, өңірдің туристік әлеуетін ілгерілету және облысқа туристерді тарту мақсатында халықаралық туристік көрмелерді ұйымдастыру және оған қатысу, оның ішінде «Маңғыстау туристік аймағы», сондай-ақ Кеңдірлі курорттық аймағы, жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылатын жағажайларды толық жарақтандыру жұмыстары көзделген. Маңғыстау облысының даму стратегиясында өңірде туризм дамытуға аса мән берілген. Сондықтан, 2021-2025 жылдарға «Гид», «Гид аудармашы», «Мейрамхана қызметі», «Аудармашы» және сол сияқты «Туризм» мамандарына деген сұранысты алдын ала анықтап, мемлекеттік тапсырысты «Туризм» мамандарына көбейту керек деп есептеймін.


Кесте 6. Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасы

Шараның аталуы	2020 жыл (дерек қор)	2021-2025 жылдар бөлінісіндегі орындалу көрсеткіштері, бірлік				
		2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кадрларды қайта даярлау бағдарламаларын тиімді іске асыру (дайын маман)	400 дайын маман	400 дайын маман	400 дайын маман	400 дайын маман	400 дайын маман	400 дайын маман
Басқа өңірлерден білікті кадрларды тарту	21	15 кем емес	15 кем емес	15 кем емес	15 кем емес	15 кем емес
Облыс кәсіпорындарымен жұмыскерлердің қысқаруының алдын алу бойынша жыл сайын меморандумдар жасасу	20 меморандум	20 кем емес	20 кем емес	20 кем емес	20 кем емес	20 кем емес
5 жыл ішінде 70 мыңнан астам жұмыс орнын құру (мың жұмыс орны)	15	15 кем емес	15 кем емес	15 кем емес	15 кем емес	15 кем емес
2021-2025 жылдары 1,5 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жаңа инвестициялық жобаны іске	-	5 жоба	5 жоба	1 жоба	1 жоба	2 жоба

асыру, оның ішінде "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында 7 жоба

Сонымен қатар, 2021 жылғы 18 ақпандағы Nur Otan партиясының Маңғыстау облыстық филиалы Саяси Кеңес Бюросының қаулысымен Бекітілген «Өзгеру жолы: барлығына лайықты өмір!» Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасының Маңғыстау облысын дамыту бойынша жол картасы (өндірістік тәжірибеден алынған ақпаратқа сәйкес) қарастырдым.

Жол картадағы мәліметтерге сәйкес 2021-2025 жылдар аралығындағы Өңірдің дамуына үлесі зор болады. Мәселен, 5 жылдың ішінде 70 мыңнан аса жұмыс орнын құру секілді нақты индикаторлар белгіленген. Сондай-ақ, кадр тапшылығын жою мақсатында орындалуға тиіс нақты іс-шаралар көрсетілген. Көрсетілген индикаторлардың орындалысы өңірдегі жұмыссыздық деңгейін де төмендетер еді. 2021-2025 жылдары 1,5 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жаңа инвестициялық жобаларды (14 жоба) іске асыру, оның ішінде «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында 7 жоба жасақтау жоспарлануда. Кадрларды қайта даярлау және Өңірдегі кадр тапшылығын шешуде басқа аймақтардан мамандарды тарту көрсеткіші де қарастырылған. Жылына басқа өңірлерден 15 кәсіби маманды Маңғыстау облысының өндірістік, ауылшаруашылық, білім, денсаулық сақтау және т.б. салаларын дамытуға мүмкіндік береді.



Мәселен, 7-суретте көрсетілгендей, 2021-2025 жылдары 1,5 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, жаңа инвестициялық жобаларды (14 жоба) іске асыру, оның ішінде «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында 7 жоба жасақтау еңбек нарығына 2021 жылы 313 жаңа жұмыс орнын ашса, 2022 жылы 520 жаңа жұмыс орны ашылу жоспарлануда.



Сурет 8 көрсетілген мәліметке сәйкес өндірісте, әлеуметтік салада (білім беру, денсаулық сақтау) кадрлар тапшылығы проблемасын шешу жөнінде кешенді шаралар қабылдау арқылы 2020-2025 жылдар аралығында оң динамиканы байқауға болады. Мәселен, 2020 жылы 220 кадрдың орны кәсіби маманмен толықтырылған болса, 2021 жылға 230 кадрмен толықтыру яғни 104,5% артық орындау жоспарлануда. Бұл көрсеткішті 2025 жылға 390 орынға толтырып, 2020 жылғы көрсеткішті 177,2% орындау жоспарланған. Өңірдің кадр тапшылығын жою мақсатында жүргізіп жатырған саясатын ТжКБ саласымен байланыстырып, мәселені оңтайлы шешуге болады деп есептеймін.

2018 жылы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбында өткен облыстық тамыз педагогикалық Кеңесінің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары секция жұмысында мен Маңғыстау облысының ТжКББ ІТ саласының дамуы бойынша баяндама жасадым.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбында өтетін облыстық тамыз педагогикалық Кеңесінің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары секция жұмысында «Цифырлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда өңірдің колледждерінде «Есептеу техникасы және информатика» бағыты бойынша 2016-2017 жылдары 275 орын, 2017-2018 жылы 325 орын және 2018-2019 оқу жылдарында 550 орынға дейін мемлекеттік тапсырыстың артып келеді деп баяндағанмын. Мысалы: 2018 жылы ІТ мамандықтары бойынша бітіруші түлектер саны – 358 адам, оның 271-і (76%) жұмыспен қамтылғандар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Осы орайда, атап айтқанмын «ІТ» мамандарының өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу көрсеткішінің төмендігі мен түлектердің мамандықтары бойынша жұмысқа оналасуын арттыру үшін колледж басшыларына ІТ саласындағы мекемелермен тығыз байланыс жасауды ұсынғанмын. 2017-2018 оқу жылының мәліметіне сәйкес Маңғыстау облысының колледждерінің жанынан құрылған 10 ресурстық орталықта компьютерлік сауаттылық бойынша-346 адам қысқа мерзімді курстардан өтті деп мен мәлімдедім [27]. Сондай-ақ, негізгі ұсыныстар мен алдағы қойылған мақсаттарды да атап кеткен болатынмын.

2017-2018 оқу жылында облыстың 6 ТжКББ ұйымдары басшыларының орныбасарлары барлық колледждердегі 84 информатика және 25 ІТ саласының маманы бар екендігін айттым. Қазіргі таңда да ІТ саласының кәсіби маманына деген сұраныс жоғары, Мысалы бағдарламашылардың жалақылары 500-800 мың теңге екендігін ескеретін болсақ, ІТ саласының кәсіби маманын колледж қабырғасына жұмысқа тарту қазірдің өзінде де үлкен мәселе туындатып отыр. Одан басқа, колледж басшыларымен сұхбат барысында анықталған негізі мәселе бұл: колледждегі білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Осы орайда, мен Маңғыстау облысының мемлекеттік ТжКББ ұйымдарына тоқталғам келіп отыр. Мәселен, Жаңаөзен қаласында орналасқан екі бірдей техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары: Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі мен

Маңғыстау индустриалды-техникалық колледжі және Ақтау қаласында орналасқан Х.Өзбекғалиев атн. Маңғыстау политехникалық колледжі мен Маңғыстау энергетикалық колледжіне тоқталғам келіп отыр.

Сурет 9. 2019-2020 о.ж. Маңғыстау облысының мемлекеттік колледждерінің жоба қуаттылығына қарай бала саны



(Ескерту: Диаграмма автордың ҚР БЖҒМ өндірістік тәжірибеден жинаған мәліметтер негізінде жасақталды)

Алдымен, неліктен мен осы төрт ТЖКББ ұйымдарын қарастырғандығым туралы түсінік беріп кетейін. Жаңаөзен қаласында орналасқан екі мемлекеттік ТЖКББ ұйымдары Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі мен Маңғыстау индустриалды-техникалық колледждері даярлайтын мамандықтары мен орналасқан жеріне қарай таңдап алынды. Екі колледждің ресми мекен-жайы: Жаңаөзен қаласы, Көктем ш.а. 9 және 9а ғимараттар. Демек, екі колледж қатар тұрған білім беру ұйымдары. Сонымен қатар, екі колледжі білім беру салаларына қарай бір-бірінде қайталанатын мамандықтар да аз емес. Мысалы: 1401000 «Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану», 1302000 «Автоматтандыру және басқару» (бейін бойынша), 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша), 1109000 «Токарлық іс және металл өңдеу», 080905 «Мұнай және газ өндіру операторы» және т.б. барлығы 12 мамандықпен кадр даярлауда екі колледждің оқу процесінде мамандықтар қайталанып отыр. Алайда, Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжіндегі білім алушылар мен колледждің жобалық қуаттылығына мән берсек, колледж өз жобалық қуаттылығының 30% ғана қанағаттандырып тұр.

Ақтау қаласының екі ірі мемлекеттік колледждері Х.Өзбекғалиев атн. Маңғыстау политехникалық колледжі мен Маңғыстау энергетикалық колледжінің орналасқан орны мен еңбек нарығына кадр даярлауда мамандықтары қайталады. Мысалы: IT саласының мамандарын екі колледж қатар даярлайды және екі колледжің Ақтау қаласындағы орналасқан жері де бір жерде орналасқан. Х.Өзбекғалиев атн. Маңғыстау политехникалық колледжі жобалық қуаттылығының 60% ғана толтырып отыр.

Ендігі зерттеліп жатырған 4 колледждің оқытушылар құрамымен таныс болайық.

Сурет 10. 2019-2020 о.ж. Маңғыстау облысының мемлекеттік колледждерінің ИПҚ құрамы



(Ескерту: Диаграмма автордың ҚР БЖҒМ өндірістік тәжірибеден жинаған мәліметтер негізінде жасақталды)

Сурет 10 әр колледжің қызметкерлер саны, өндірістік оқыту шеберлері мен колледждердегі оқытушылардың саны көрсетілген. Х.Өзбекғалиев атн. Маңғыстау политехникалық колледжінің барлық қызметкерлер санының тек 47% оқытушылар болса, 5% өндірістік оқыту шеберлері құрайды. Қалған 48% бұл колледждің әкімшілік қызметкерлері мен техникалық қызметкерлер.

Сурет 10 көрсетілгендей төрт колледжің үшеуінде өндірістік оқыту шеберлеріне сұраныс байқалады. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 3-тарауында білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар қойылған [28]. Талаптарға сәйкес «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар апталық оқу жүктемесін, оқу жылының ұзақтығын, міндетті оқу уақытының көлемін қамтиды», «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс», «Теориялық оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік

пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді)», «Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды» және «Оқытудың күндізгі нысанында білім алушылар үшін консультациялар әрбір оқу жылындағы оқу тобына 100 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді және емтихандар мен курстық және дипломдық жұмыстарды орындау түрінде аралық және қорытынды аттестаттау көзделген пәндер және (немесе) модульдер бойынша жоспарланады» осы талаптарды орындауға жоғары аталған колледждердің оқытушылық құрамы мен өндірістік оқыту шеберлерінің мүмкіндігі жоқ деп баға бере аламын.

Колледж басшыларынан **сұхбат алу** барысында анықталған кейбір мәселерге тоқталайын. «Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледж» мемлекеттік қонақоналыдық қазыналық кәсіпорны (әрі қарай - МКҚК), «Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі» МКҚК, ТОО «Каспий өңірі Болашақ колледжі» және ТОО «Мейірбек» медициналық колледжі басшыларымен сұхбат алу арқылы жүзеге асырдым. Алдымен әр колледжге тоқталып кетейін. «Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледж» директоры Шолтанова Зарипа Есенбайқызымен сұхбат негізінде анықталған негізгі колледж жетістіктері мен мәселелері:

1. 2018 жылы колледж жанынан «ІТ орталық» ашылды. ІТ орталықтың «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы негізінде іске асты. ІТ орталықтың ерекше балаларға арналған робототехника құрылғылары бар, инклюзивті білім беру жүзеге асырылып жатыр. Сонымен қатар, орталықта 90 адам біліктіліктен өтті;

2. 2018 жыл 5 наурыздағы колледж жанындағы «Жатақхана» ғимаратына толықтай жөндеу жүргізілді. Жанартылған білім бойынша кітапханаға 3000 кітап алынды (электронды кітапхана);

3. «Жас маман» жобасына қатысып 400 млн тенге грант ұтып алды. Жоба аясында «Токарь», «Дәнекерлеу ісі» және «ІТ» мамандықтары бойынша Евро стандарттарға сәйкес заманауи құрылғылармен жабдықталып жатыр;

4. Қашықтықтан оқыту барысы EDUS бағдарламасымен жүзеге асырылып жатыр және колледждің ИПҚ колледж студенттерін 7-9 топтан бөліп, күніге 1200 студенттің сабаққа келу белсенділігін қадағалайды. «Қашықтықтан оқыту-тәжірибені қажет ететін «Машина жасау», «Токарь», «Мехатроника» және т.б. мамандықтар үшін қиындықтар тудырып отыр» - деді З.Шолтанова өз сұхбатында.

Колледжің дамуында алға қойған мақсаттарымен бөлісіп, колледжге «Қолданбалы бакалавриатты» енгізу жұмыстарын және колледжді «Жоғарғы колледж» мәртебесін алуда жұмыстар атқарылып жатырғандығын мәлімдеді.

Негізгі мәселелерге келетін болсақ, колледжге жастардың қызығушылығының төмендігі болып тұр. Сонымен қатар колледждегі мамандардың жетіспеушілігі мәселесі туындады.

Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі МКҚК басшысы-Қайырбаев Өтелген Тілегенұлымен сұхбат барысында анықталған ақпараттар мен мәселелер жайында тоқтала кетейін.

Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінде 752 бала бюджеттен білім алады, білім беру 9 мамандық бойынша жүзеге асады. Биылғы 2020-2021 оқу жылына 225 бала қабылданды, 2020 жылғы колледж түлектерінің-179 студенттің 134 студенті (75%) өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты. Оқу түскен студенттердің 95% оқуды бітіреді. Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі келесідей мамандықтар бойынша білім береді: аспаз, кондитер, байланысшы, техник механик, прогамистер және т.б. Колледж жанынан 2018 жылы инклюзив екі топ ашылды, тігінші мамандығы және аспаз мамандығы бойынша балаларды кәсіби мамандық беріп, мамандар дайындайды.

«Жас маман» жобасы бойынша 2020-2021 жылдарға тігінші және байланыс мамандықтары бойынша құрылғылар алынды. Мәселен, 157 млн.теңгеге байланыс мамандығы бойынша құрылғылар алынса, 242 млн.теңгеге тігінші мамандығы бойынша құрылғылар сатып алынды. «Жас маман» жобасы ТЖКБ жүйесі үшін үлкен жаңалық, «Жас маман» жобасы колледждің материалды-техникалық базасының жаңаруы мен білім беру сапасының өсуіне әсер етеді» - деді Ө.Қайырбаев.

Серіктес мекемелер қаладағы тігін шеберханалары байланыс бойынша мекемелермен келісім-шарттар жасақталған. Колледжің шетел мемлекетіндегі колледждерімен байланыс жоқ екен, бірақ өңірдегі Маңғыстау туризм колледжімен тікелей байланыста жұмыстар атқарылуда.

Негізі мәселелер:

1. Жаңа құрылғыларға байланысты кадр мәселесі туындап отыр;
2. Қашықтықтан оқыту тәжірибені қажет ететін тігінші, аспаз секілді мамандықтар даярлауда қиындықтар тудырып отыр.

Жеке меншік ТЖКБ ұйымдары:

«Мейірбеке колледжі» ЖШС;

Басшысы Сағымбаев Әлімжан Үсенұлы;

Мейірбеке колледжі Ақтау қаласындағы бірден-бір ақ халатты абзал жандарды дайындайтын және білім сапасы өте жоғары жеке меншік медициналық колледж.

1976 Гуриев медициналық колледжінің филиалы болып ашылған, содан соң 1997 жылы Мейірбеке колледжі болып жекешелендірілген. Колледж контингенті 400 студент және 20-30 мұғалімдердің жұмыс орнын сақтап қалу үшін жеке меншік колледж болып ашылды.

Қазіргі таңда колледж контингенті -1440 студент бар, оның 200 мемлекеттік тапсырыспен білім алады. Осы 2020-2021 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша 103 студент қабылдады, 8 студент ерекше білімді қажет ететін студенттер санатына жатады. Сонымен қатар, колледждің жұмысқа орналасу көрсеткіші 85% құрайды.

Қашықтықтан оқыту әдісі колледждің ЭлЖур платформасында жүзеге асырылады. ZOOM платформасымен жиналыстар, қонақ лекцияларын жүргізеді. Смартфон, компьютерлері жоқ студенттерге колледж әкімшілігі көмек беруді

ұйымдастырған. Облыстағы 3 медициналық колледж арасында WSA үздік колледждер қатарында. Ғылыми жұмыстары жолға қойылған. Кіші ғылым академиясының филиалы бар. Осы жылы «Кіші ғылым Академиясының» 20 жылдығын атап өтті. Бұрын колледж жанында кішігірім шағын типография болып, өздері ғылыми конференция жинағын басып шығарған.

Колледжде жастардың тәрбиесіне аса маңыз аударылған, жастармен тәрбие бөлімі жөніндегі орынбасар, ұйымдастырушы, психолог, кураторлар жұмыс жасайды. Колледждің жастар клубтары «Жастар орталығымен» тікелей байланыста жұмыс істейді. Колледж қабырғасында «Студенттік парламент» жұмысы қалыптасқан, өзін-өзі басқару жүйесі қалыптасқан. Колледждің студенттері қоғамда белсенділік таныту арқылы, студенттердің белсенділігі кәсіби бағдарға әсерін тигізіп студенттердің қабылдауында қиындықтар тумады.

«Эпидемия кезінде еңбек етіп, қала ортасына ілінген фотолардан колледж түлектері аз емес»-деді Әлімжан Үсенұлы. Әрі қарай, Әлімжан Үсенұлы колледждің негізгі мәселелеріне де тоқталып өтті.

«Мейірбеке колледжі» ЖШС жылдағы еңбек нарығындағы сұранысты толтыра алмай отырғандығын мәлімдеді, яғни әскери бөлімшелердің сұраныстары көптеп келеді, алайда сұранысты толтыру қиынға соғып тұр.

Сонымен қатар, медициналық мамандықтарды қашықтықтан оқытуға қиындық тудырып тұр. Медициналық мамандарды дайындауда тәжірибелік жұмыстардың маңызы зор(қашықтықтан оқыту мүмкіндік бермей отыр).

Дәрігерлердің қатарынан колледжге ұстаз болуға шақырылады, алайда жалақының аздығы мен медицина мамандарының жетіспеушілігіне байланысты оқытушыларға деген сұраныс мәселе болып тұр.

«Жас маман» жобасы бойынша колледж басшысының пікірі: «Жеке меншік колледжі мен мемлекеттік колледж арасындағы материалдық техникалық базасы құрылымының, білім беру құрылғысының жаңашылығы мен білім беру сапасының ара қашықтығы алшақтап кетуі мүмкін. Жеке меншік колледждері де дәл сондай білім беру ұйымы және біздер де осы күнге мемлекеттік көмекке мұқтажбыз»-деді Әлімжан Үсенұлы.

«Каспий өңірі Болашақ көпсалалы колледжі» ЖШС колледж басшысы Қаламқалиева Асель Мұхитқызы сұхбат негізінде анықталған мәселелерге тоқталайын.

Қазіргі таңда колледж 21 мамандық бойынша білім береді, студент саны -1057 адам, жұмысқа орналасу: 84%, серіктес мекемелер саны: 96 (серіктес мекемелер балаларды тәжірибеден өткізуге қорқады), колледждің алдағы жоспарында колледждің интернет жылдамдығын жоғарлату және білім беруді үрдісін кредиттік технологияға көшіру көзделген. Колледждің қашықтықтан оқыту процесі EDUS платформасында жүзеге асырылады және ZOOM платформасында жиналыстар ұйымдастырылады. Колледж башысы Асель Мұхитқызының айтуынша

«Жаратылыстану пәндерін және нақты ғылымдарды меңгеруде қашықтықтан оқыту әдісі арқылы жүзеге асыруда қиындықтар туындап отыр».

Колледж жанында студенттік клубтардың жұмысы алға қойылған. Колледждің студенттік клубтары: «Жас сарбаз», «Корупцияға қарсы үйірме», «Ашық жүрек».

«Жас маман» жобасы бойынша А.Қаламқалива «Мемлекеттік колледждер мен жеке меншік колледждердің арасындағы білім беру айырмашылығы ұлғайып кетеді, осы секілді жеке меншік колледждерді қолдау жобасы болса, қатысар едік. Жеке меншік колледждер де мемлекеттің көмегіне мұқтаж»- деді сөз аяғында Асель Мұхитқызы.

Covid-2019 пандемиясы медицина саласы мамандарына деген тапшылықтың бар екендігін көрсетті. Медициналық колледждерге мемлекеттік тапсырыс санын көбейтуді, сол арқылы жеке секторды қолдауды ұсынамын. Мейірбике колледжінің директоры Әлімжан Үсенұлымен – «Жыл сайын еңбек нарығындағы сұранысты толтыру мүмкін емес, яғни әскери бөлімдердің сұраныстары өсіп келеді, бірақ сұранысты толтыру қиын болып барады». Бұл медициналық мекемелерде кадрлардың жетіспеушілігін көрсетеді. Сондай-ақ медициналық мамандықтардың қашықтықтан білім беруінде проблема бар, практикалық жұмыс медициналық мамандарды дайындауда үлкен маңызға ие (қашықтықтан оқыту мүмкіндік бермейді)»- деп қосты А.Сағымбаев. Медициналық мамандықтар үшін толық қашықтықтан білім беруге көшу дұрыс емес, бірақ модульдің теориялық бөлігін қашықтық форматына ауыстыруға болады.

Covid-2019 пандемиясының салдары Қазақстан Республикасының білім беру саласына көптеген өзгерістер ала келді. Қашықтықтан оқу форматы күнделікті жағдайға еніп кетті. Онлайн білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. ТЖКБ саласына «Онлайн» оқытылатын мамандықтардың қатарын жасақтау керек деп есептеймін, «Онлайн колледж» білім беру ұйымын қабылдауды ұсынамын. [35]

«Жас Маман» жобасы бойынша «Болашақ» жеке колледжінің директоры А.Қаламқалиева өзінің сұхбатында - «Мемлекеттік колледждер мен жекеменшік колледждер арасындағы білім берудің айырмашылығы артады, егер бұл жеке колледждерді қолдау жобасы болса, біз қатысар едік. Жеке колледждер де мемлекет көмегіне зәру », - деді Әсел Мұхитқызы.

2 Орта кәсіптік білімді басқару саласындағы халықаралық тәжірибе

Шет елдердің заңнамасы білім беру саласындағы өкілеттіктерді мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында нақты бөлу қажеттілігіне негізделген. Мемлекеттік органдарға білім беру саласындағы жалпы саясатты айқындау; министрліктер мен агенттіктердің қызметін үйлестіру; өңірлік және жергілікті білім беру органдарын құру; жоғары оқу орындары жауап беруге тиіс талаптар мен критерийлерді айқындау жөніндегі өкілеттіктер ғана беріледі.

Бұдан басқа, олар жоғары білімнің мемлекеттік және жеке меншік секторына қаржылық қолдауды, сондай-ақ қаржы қаражатының жұмсалыуына ішінара бақылауды жүзеге асырады; Талапкерлерді жоғары оқу орнының мүмкіндіктері туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, орталық және жергілікті органдардың басқару функциялары қатаң бөлінгеніне қарамастан, бірқатар мәселелерді, мысалы, қаржыландыруды сол және басқа басқару органдары бақылайды. Бұл демократиялық мемлекеттердегі білім беру жүйесінің бірлігімен түсіндіріледі [29]. Мәселен, АҚШ-тың жоғары мектеп жүйесінің құрылым: 2 жылдық оқу мерзімі бар кіші колледждер. 4 жылдық мерзімі бар жоғары колледждер, 2 жылдан 4 жылға дейінгі оқу мерзімі бар ғылыми-зерттеу және кәсіптік мектептер. Мысалы, Америка Құрама Штаттары 90-жылдардың басында білім беру өмір сапасының негізгі көрсеткіші, 21 ғасырдағы Американың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің кілті деп санай отырып, білім беру жүйесін қайта құрудың арнайы ұлттық бағдарламасын жасалды. «Біз американдықтар білім мен ағартушылықты жоғары бағалайтын ұлт болуымыз керек.» Қазақстанда да бұл тезис білім беру беделін арттырудан бастап, Ұлттық табыс үлесін едәуір арттыруға дейінгі кең мағынада қолға алынғанын қалар едік. Егер дамыған елдерде бұл көрсеткіш жалпы ұлттық өнімнің 5-8% - ын құраса, біздің елде ол әлі де айтарлықтай аз [30].

АҚШ-тағы Колледж орта мектеп емес. Колледждер мен университеттердің бағдарламалары оқушы 17 немесе 18 жаста немесе одан үлкен болған кезде мектепте он үшінші жылдан басталады. Екі жылдық колледж Ассоциация дәрежесін, сонымен қатар сертификаттарды ұсынады. Төрт жылдық колледж немесе университет бакалавр дәрежесін ұсынады. Осы дәрежелерді ұсынатын бағдарламалар «бакалавриат» деп аталады.

2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР «Білім туралы» Заңында 4-1) тармағында «бакалавриат – тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім»- деп көрсетілген [26].

Алайда, АҚШ студенттері төрт жылдық бакалавриат және бакалавриат бағдарламалары туралы сөйлескенде «университет» емес, «колледж» сөзін қолдануды жөн көреді. Олар колледжде немесе университетте бакалавриат бағдарламалары туралы сөйлескенде «колледжге түсу» және «жоғары білім» сияқты тіркестерді қолданады. Осылайша, американдықтар аспирантура туралы сөйлескенде «колледж» емес, «университет» сөзін қолданады [31].

Мұндай тәжірибе студенттер арасында колледждердің беделінің артуына алып келді, өйткені оған екі жылдық оқудан кейін кәсіптік білім туралы сертификат алуға және мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға және бакалавр дәрежесін алу үшін сол колледжде оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді.

ТЖКБ ұйымдарына студенттерді қабылдау санын ұлғайту үшін колледждер мәртебесін көтеру, «Студенттік клубтарды» жандандыру есебінен студенттердің

қоғамдағы ролі көтеріліп, «Еріктілер топтарының» қашанда әлеуметтік салада маңызы зор екенін білеміз.

Грецияда бірқатар жаңа ғылыми бағдарламалар мен жаңа технологияларды енгізу елдің экономикалық дамуына ықпал етуге арналған. Бұл ереженің көп бөлігі жеңілдетуге арналған жаңа мемлекеттік техникалық және кәсіптік лицейлерді құрады.

Білім берудің бұл тәсілінің негізі техникалық білім дағдылардың ағымын арттыра алады және адамдарға жаңа технологияларды игеруге көмектесу арқылы оларға жаңа жұмыс ортасына бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, техникалық білімге салынған инвестициялар реципиенттің жұмыс күшіне қосатын үлесін арттырады және осылайша өндірістік әлеуетті кеңейтеді және экономикалық көрсеткіштерді жақсартады [32].

Германияда резонанс тудыратын адам капиталының грек біліміне деген көзқарасының қызықты тұжырымы, мұнда білімге негізделген экономика мен білім берудің экономикалық даму үшін орталық мәні арасындағы байланысқа баса назар аударылады [33].

Алайда, Азияда адами капиталмен білім беру саясатының байланысы неғұрлым айқын анықталады және экономикалық көрсеткіштер мен білім беру арасындағы байланыс көбінесе өзінің айқын көрінісін табады. Азия-Тынық мұхиты аймағының көптеген бөліктерінде білім беру мен экономикалық даму арасындағы тығыз байланыс кеңінен танылады және білім берудің экономикалық өсуге қосқан үлесін арттыру мақсатында жағдайды жақсарту бойынша көптеген бастамалар ұсынылды. Мысалы, Сингапурде үкімет бірқатар көршілеріне ортақ еңбек шығындары аз экономикадан аулақ болуға бағытталған саясатты әдейі жүргізді.

Саяси көшбасшылар өздерінің міндеттерін өнеркәсіптің дамуына қарай адам капиталы физикалық капиталды тиімді пайдалана алатындай етіп көрді. Нәтижесінде білім беру жүйесі мен өндіріс жүйесі арасында өте тығыз байланыс пайда болды [34].

Білім беру саласындағы маңызды реформалар экономикалық жоспарлау комитетінің баяндамасы қатаң бәсекелестік жағдайында Сингапурдың экономикалық даму қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру жүйесін едәуір кеңейтуді және жетілдіруді талап еткеннен кейін енгізілді. Олар үш бағытқа назар аударды: дамыған индустриалды қоғамның дамуына тиімді қатысу үшін адамдарға қажет негізгі дағдыларды анықтау; орта деңгейдегі технологиялық дағдыларды дамыту; және жоғары білімді кеңейту. Бұл реформалардың мақсаты Сингапурды экономикалық дамыған елге айналдыру үшін білімді жұмыс күшін пайдалану болды. Бұл саясат Үкімет пен білім беру жүйесі арасындағы өте тығыз қарым-қатынасқа әкелді, оның аясында Білім министрлігі оқытылатын нәрсеге, оның қалай оқытылатынына және мектептерде қалай бағаланатынына айтарлықтай бақылау жасады. Сингапур мұғалімдер Одағы мұны былай тұжырымдады: «біздің білім беру жүйеміздің негізгі екпіні жұмыс күшіне деген қажеттілікті қанағаттандыруға

бағытталды. Сонымен бірге біз жақсы азаматтық құндылықтарды үйретуіміз керек еді». [34].

Бүгінгі таңда орта-арнайы білім беру елдің одан әрі дамуының негізгі буыны болып табылады. Соңғы 20 жыл ішінде мемлекет оны жақсарту мен ілгерілетуге көп күш пен ресурстар жұмсады. Ұзақ уақыт бойы кәсіби білім беделді болып саналмады, сонымен қатар қоғам мұндай оқу орындарына тек бейкүнә адамдар, жеңілгендер және басқа таңдау жоқ адамдар кіреді деген пікірге келді. Білім беру ұйымдарының ребрендингі бойынша ауқымды науқан басталды, ал оқытушылар құрамына білікті мамандар тартыла бастады. 1995 жылы бұл бастама қолданбалы мамандықтардағы студенттер санын екі есеге арттырып, өз жемісін берді, ал қазір талапкерлердің жалпы санының 65% - ын тартады [35]. Колледждер әсерлі заманауи кампустарға ие болды және 150-ден астам түрлі бағдарламаларды ұсынады.

Білім беру ұйымдарына бөлінген қаражатты қалай оңтайлы пайдалануға болады? Осы орайда, Бангладеш Республикасының тәжірибесімен бөліскім келеді. Бангладеш Республикасында ұлттық азаматтық қоғам ұйымдары ресурстарды аудандық деңгейде бөлуді және мектептерде қызмет көрсетуді бақылау үшін қоғамдық аудиторлық топтардың әлеуетін нығайтуға тырысады. Бұл аудандық аудиторлық топтар Үкіметке орталықсыздандыруға көмектесу және оны саяси және бюджеттік міндеттемелер үшін жауапқа тарту үшін құрылды. Азаматтық қоғамның бастамалары Бангладеште терең тамыр жайған және азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ) саясат пен басқаруға, адам құқықтары негізінде дамуға қатысты сыни алаңдаушылықтарды білдірудің сенімді арнасы ретінде танылған. АҚҰ қызметіне зерттеулер жүргізу, әлеуетті арттыру және қауымдастықтарды жұмылдыру кірді. Бангладештегі АҚҰ бюджеттік жұмысының негізгі бағыты білім министрлігінің бастауыш білім беруді дамыту бағдарламасы болды.

Бангладеште 2004 жылы парламенттік білім беру тобы құрылды. Бұл Азиядағы парламенттік емес комитеттердің алғашқы мысалы. Бұл топтың негізі мақсаты «Білім беруді дамыту мен қаржыландыру туралы» мәселелерді Үкімет алдында лоббилейді [36].

Бангладеш Республикасының «Қоғамдық аудиторлық топтарын» құру тәжірибесін қолдану, яғни колледждерде әр түрлі тақырыптағы жастар клубтарын ұйымдастыру. Колледж қабырғасында «Студенттік-қоғамдық аудиторлық бірлестіктерді» құру. Бұл колледждердің шығындары мен кірістерін зерттейтін болады. Жұмыс барысы туралы есеп комитет мүшелеріне жарияланып, колледж бюджетін тиімді басқару бойынша ұсыныстар беріледі.

Білім беруге арналған бюджет шығыстар құрамы бюджеттік жіктелу бойынша арнайы функционалдық топқа сәйкес қалыптасты. Бұл функционалды топ құрамында мектепке дейінгі тәрбиемен, бастауыш білім және орта білім беру, арнайы орта білім беру, кәсіптік білім беру, жоғары білім беруге мемлекеттік тапсырмасы және білім беру аумағындағы

